



АТҚАРУ КОМИТЕТІ

ИСПОЛНИТЕЛЬНЫЙ КОМИТЕТ

ҚАУЛЫ

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

19.06.2024 ж.

№ 32, 2-т.

«Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті қызметкерлерінің жергілікті кәсіптік одағы» ҚБ еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі заңнаманы қадағалауға, білім және ғылым саласы қызметкерлері үшін заманауи қауіпсіз және қолайлы еңбек жағдайларын жасауға қатысуға қоғамдық бақылау тиімділігін арттыру жөніндегі жұмысы және бухгалтерлік есеп жүргізу жағдайы туралы

Кәсіподақ Төрағасының Орынбасары В.Ф. Беженаровтың «Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті қызметкерлерінің жергілікті кәсіптік одағы» ҚБ еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі заңнаманы қадағалауға, білім және ғылым саласы қызметкерлері үшін заманауи қауіпсіз және қолайлы еңбек жағдайларын жасауға қатысуға қоғамдық бақылау тиімділігін арттыру жөніндегі жұмысы және бухгалтерлік есеп жүргізу жағдайы туралы» ақпаратты тыңдап және талқылай келе Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің салалық кәсіптік одағының Атқару Комитеті келесіні **атап өтеді:**

«Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті» КеАҚ (бұдан әрі – Университет) құрамында 2024 жылғы 14 мамырдағы жағдай бойынша 1100 қызметкер бар, олардың 524 «Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті қызметкерлерінің жергілікті кәсіптік одағы» ҚБ (бұдан әрі – Кәсіподақ) мүшелері болып табылады. Кәсіподақ мүшелігімен қамту қызметкерлердің жалпы санының 47,6% құрады.

Кәсіподақ өз қызметінде ҚР «Кәсіптік одақтар туралы» заңына, жарғылық құжаттарға және жоғары тұрған кәсіптік органдардың шешімдеріне сәйкес салауатты, жайлы және қауіпсіз еңбек жағдайларын қамтамасыз ету мәселелерімен айналысуға міндетті. Кәсіподақтың жыл сайынғы жұмыс жоспарын жасау кезінде еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі іс-шаралар қарастырылады (*1-қосымша*).

Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 203-бабына сәйкес жұмыс берушінің бастамасы бойынша және (немесе) қызметкерлердің, не олардың өкілдерінің бастамасы бойынша он бес жұмыс күнінен аспайтын мерзімде еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі өндірістік кеңес құрылады. Университетте өндірістік кеңес құрылмаған.

Сонымен қатар, техникалық инспекторлыққа кәсіподақ комитетінің хаттамалық шешімімен университеттің төтенше жағдайлар және азаматтық қорғаныс жөніндегі инженерімен ағаш ұстасы лауазымдарындағы штаттық қызметкерлерді бекіткен. Техникалық инспекторлардың бұл тәртіпте бекітілуі Кодекстің 203-бабы 5-тармағының талаптарына қайшы келеді, оған сәйкес техникалық инспекторлар өндірістік кеңестің шешімімен тағайындалуы тиіс.

Университетте жұмыс беруші ретінде Басқарма төрағасы-ректор және қызметкерлер өкілі ретінде кәсіподақ комитетінің Төрағасы арасында 2024-2026 жылдарға арналған ұжымдық шарт жасалған.

Ұжымдық шарттың ережелеріне сәйкес, еңбек қауіпсіздігі және еңбек жағдайлары саласында жұмыс беруші еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы міндеттерді орындалады, атап айтқанда:

- қызметкерлер мен білім алушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында Университет жатақханасының барлық оқу корпустары мен ғимараттарына кіру жеке тұлғаны биометриялық сәйкестендіру арқылы жүзеге асырылады;

- заңнамада белгіленген тәртіппен жұмыс берушінің қаражаты есебінен жылына кемінде бір рет мерзімдік медициналық тексерулер ұйымдастырылған (2-қосымша);

- мерзімді түрде, кемінде үш жылда бір рет біліктілікті арттыру курстарында оқудан және еңбек қауіпсіздігі және еңбек жағдайлары мәселелері бойынша білімін тексеруден бөлімше басшылары мен еңбек қауіпсіздігі мен еңбек жағдайларын қамтамасыз етуге жауапты тұлғалар өтеді (3-қосымша);

- барлық оқу корпустары (3), жатақхана ғимараттары (7) және «Аққу» жүзу бассейні қауіпсіздік талаптарына және еңбек жағдайларына сәйкес жабдықталған;

- қызметкерлерді еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелері бойынша оқыту, нұсқау беру, білімдерін тексеру белсендірілген;

- әртүрлі төтенше жағдайлар туралы автоматты түрде дауыстық «Рупор» және мәтіндік хабарлауға мүмкіндік беретін ескерту жүйесі жұмыс істейді;

- жер сілкінісі жағдайына дабыл чемодандары жинақталған

- қызметкерлерге қажетті санитарлық-гигиеналық жағдайлар жасалған;

- көмекші персонал қауіпсіздік және еңбекті қорғау талаптарына сәйкес техникалық және арнайы киіммен, медициналық дәрі қобдишасымен және т.б. қамтамасыз етілген.

Тексеру кезінде әрбір кәсіп пен жұмыс түрлері бойынша еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі нұсқаулықтар, оларды өзектендіру мақсатында қайта қарау және бекіту процесінде болды. (4-қосымша).

Университетте тексеру кезеңінде жазатайым оқиғалар тіркелмеген.

Университетте бухгалтерлік есепті ұйымдастыру бөлігінде бірқатар елеулі кемшіліктер бар.

Тексеру жөніндегі Бақылау-тексеру комиссиясының актілері жоқ.

Кірістер мен шығыстардың сметасы, кәсіподақ бойынша 2024 жылға арналған штат кестесі ұсынылмаған.

Жалпы жалақыны есептеу және төлеу бөлігіндегі есеп саясаты орындалады, алайда 2023 жылғы жалақыны есептеудің жалақы ведомостарына жұмыс уақытын есепке алу табельдері тіркелмеген.

Техникалық себептер бойынша бухгалтерлік есеп ІС: Кәсіпорын бағдарламалық жасақтамасында уақытша жүргізілмейді.

Кәсіподақта материалдық және қайырымдылық көмек Салалық кәсіподақта белгіленген тәртіпке сәйкес ҚР Салық кодексінің талаптарын сақтай отырып төленеді, бірақ толық көлемде емес.

2023 жылғы наурыздан 2024 жылғы мамырға дейінгі кезеңде өткізілген және жоспарланған іс-шаралар бойынша ақша қаражатының қозғалысына құқық қолдану актілері (іс-шараға арналған хаттамалар, бұйрықтар, шығыстар сметалары) жоқ.

Құзыретті органдарға салықтық және статистикалық есептілік уақтылы ұсынылады. Салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер белгіленген мерзімде аударылады.

Кәсіподақ мүшелерін сауықтыру жұмыстары жүргізілуде. Кәсіподақ мүшелеріне санаторлық-курорттық мекемелерге жолдама беру үшін тиісті құжаттар реттелген: өтініш, жеке куәліктің көшірмелері, бұйрықтар мен хаттамалар, бірақ өтініш берушілердің кәсіподақ билеттерінің көшірмелері жоқ. Берілген жолдамалар бойынша жазба және есепке алу жүргізіледі, санаторлық-курорттық мекемелерден есептен шығару талондары бар.

Кассалық және аванстық есептер бухгалтерлік есеп жүргізу қағидаларына сәйкес жүргізіледі, бірақ регистрлерге тігілмеген және құлыпсыз ашық шкафта сақталады, папкалардың мазмұны бөгде адамдар үшін оңай қол жетімді, бұл мұрағаттық құжаттарды қабылдау, сақтау және есепке алу қағидаларына сәйкес келмейді.

Қолма-қол ақша қаражаты қаражаттар мен құндылықтарды сақтау жөніндегі техникалық талаптарға сәйкес келетін металл сейфте сақталады.

Кәсіподақтың Атқару Комитеті **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті қызметкерлерінің жергілікті кәсіптік одағы» ҚБ төрағасы Л.М. Әділбековаға еңбекті қорғау және техника қауіпсіздігі және бухгалтерлік есептің жай-күйі бойынша заңнаманың сақталуындағы қоғамдық бақылауды ұйымдастырудағы елеулі кемшіліктерге нұсқау берілсін.

2. Кәсіподақ комитетіне:

- университетке Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес ресімделетін өндірістік кеңес құру туралы өтінішті бастамашылыққа алу;

- өндірістік кеңесті сайлау үшін еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі техникалық инспекторлардың кандидатураларын ұсыну жөніндегі жұмысты ұйымдастыру;

- қысқа мерзімде жұмыс берушінің өкілдерімен бірлесіп университет лауазымдары бойынша еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі нұсқаулықтарды әзірлеу мен бекітуді аяқтау;

- Салалық кәсіподақтың басшылық органдарының ұсынымдары мен құқықтық актілеріне сәйкес еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғауда қоғамдық бақылауды ұйымдастыру;

- кәсіподақ ұйымының мүшелік жарналарын, еңбекақы төлеу қорын және қызметкерлерінің орташа жалақысын жинаудың толықтығын тұрақты бақылау мен тексеруді жүргізуді, кәсіподақтың қаржылық мүмкіндіктерін талдауды жүзеге асыруды жалғастыру;

- басқару, есепке алу және бақылау процестеріне цифрлық технологияларды енгізу жөніндегі жұмысты жалғастыру;

3. Бақылау-тексеру комиссиясына «Қазақстандық салалық білім және ғылым қызметкерлерінің кәсіптік одағы» ҚБ бақылау-тексеру комиссияларының жұмысы бойынша әдістемелік ұсынымдарына сәйкес тексеру актілерін жасауды ұсыну;

4. Кәсіподақ төрағасы Л.М. Әділбековаға:

- ай сайын ақшалай қаражатқа түгендеу жүргізуді қамтамасыз ету;

- қайырымдылық, материалдық көмектің түрлері мен төлемдерін анықтау кезінде заңнаманың сақталуына ерекше назар аудару, оларды төлеу кезінде салықтарды жасыру жағдайларына жол бермеу;

- Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының талаптарына сәйкес санаторлық-курорттық мекемелерден есептен шығару талондарын қайтару бойынша тұрақты бақылау жүргізуді жалғастыру;

- бухгалтерлік құжаттаманы сақтау үшін тиісті құлыптау құрылғыларымен жабдықталған заманауи металл шкафты немесе құлыптары бар ағаш шкафты алу;

- құқықтық белгілейтін құжаттарды жүргізу бойынша жұмысты күшейту және олардың 2024 жылға толықтығына тексеру жүргізу (штат кестесі, жұмыс уақытын есепке алу табелі және т.б.).

Төраға



А. Мұқашева